

*Е. М. Нұрғалиев, педагогика және басқару теориясы кафедрасының аға оқытушысы, полиция капитаны*

*(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)*

## **ПО-дағы құқықтық автоматтандырылған ақпараттық жүйелер**

*Аннотация. Ақпараттық технологтар кез келген мекеменің жұмыс істеуші ажырамас бөлігіне айналды. Қазақстанның ІІМ реформасы ішкі істер органдарының күнделікті қызметіне ІТ-технологияны енгізудің жаңа кезеңін белгіледі. Енді ПО қызметкерлері өз міндеттерін атқаруда ғылым мен техниканың жетістіктерін, ақпараттық жүйені, байланыс құралын, сонымен қатар заманауи ақпараттық телекоммуникация инфрақұрылымын қолдануға міндетті. Ақпараттық технологияны ішкі істер органдары қызметіне енгізу бірнеше онжылдықтар аралығында жүргізіліп жатыр. Ішкі істер органдары бөлімшелерінің компьютерлік техниканы қолдану мәселесі, оны жабдықтау өз кезегінде заңдарға негізделген мекемелік нормативті құжаттарда көрініс табады.*

*Түйін сөздер: ПО, құқық, ақпарат, ақпараттық технологиялар, ақпараттық жүйелер, техника.*

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту — Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Мен қазақстандықтарды ақпараттық технологияларды белсендірек игеруге шақырамын», деп, компьютерлік сауаттану жөніндегі ауқымды іске азаматтарды, әсіресе, жастарды тарту қажеттілігі нақты айтылған және мемлекеттік қызметке жаңа қызметкерлерді қабылдау кезінде компьютерді, интернетті қолдана білу дағдысы міндетті талап болуға тиіс екендігі атап көрсетілген.

Соңғы уақытта Қазақстан Республикасының халықаралық ақпарат алмасуға және ақпараттық қауіпсіздікті халықаралық реттеу процестеріне тең құқылы қатысу проблемасы өзекті бола түсуде. Ұлттық мүдделерді қорғап қалу қажеттілігі мемлекеттік органдардың қазіргі халықаралық ұйымдар қызметінің шеңберіндегі белсенділігін арттыруын қажет етеді [1].

Болжамдау және модельдеу механизіміне көңіл аудармай, статистикалық зерттеулерге сүйенбей сапалы стратегияны жасап шығару мүмкін емес. Бөлек жеке қылмысты ашу және зерттеу үшін көптеген экспертизаны жүргізу, криминалистік және іздеу есебі бойынша ақпараттарды іздеу, сонымен қатар, басқа мекемелердің мәліметтер қорын зерттеу қажет болады. Бұл қарқынмен екі жағдайда да ішкі істер органдары қызметкерлеріне ақпараттың маңызды көлемімен жұмыс істеуге тура келеді.

Кәсіби қызмет етудің ақпаратты қолдану технологиясымен байланысты негізгі түрлері, бұл:

- анықтамалық-құқықтық жүйеден ақпаратты алу;
- басқа мекемелерді коса отырып, мамандандырылған мәліметтер қорынан және есептерінен ақпараттар алу;
- құжаттардың әртүрлерін дайындау үрдісін автоматтандыру (жоспарлар, есептер, аналитикалық бейнелер, болжамдар);
- алғашқылық құжаттардың жиналуы және есебі [2]

Қызметіне және мамандандырылғанына байланысты ақпараттық технологияға негізделген қызметтің басқа да түрлері қатысуы мүмкін. Мысалы, криминалистер экспертті ұйғарымдардың әртүрлі генераторларын кеңінен қолданады, кезекші бөлімдерде бейне бақылау жүйесі қолданылады, штабтарда — статистикалық өңдеу және болжамдаудың арнайы бағдарламалардың экспертті жүйелері қолданылады [3]

Ақпараттық технологтар кез келген мекеменің жұмыс істеуші ажырамас бөлігіне айналды. Қазақстанның ПМ реформасы ішкі істер органдарың күнделікті қызметіне IT-технологияны енгізудің жаңа кезеңін белгіледі. Енді ПО қызметкерлері өз міндеттерін атқаруда ғылым мен техниканың жетістіктерін, ақпараттық жүйені, байланыс құралын, сонымен қатар заманауи ақпараттық телекоммуникация инфрақұрылымын қолдануға міндетті.

Ақпараттық технологияны ішкі істер органдары қызметіне енгізу бірнеше онжылдықтар аралығында жүргізіліп жатыр. Ішкі істер органдары бөлімшелерінің компьютерлік техниканы қолдану мәселесі, оны жабдықтау өз кезегінде заңдарға негізделген мекемелік нормативті құжаттарда көрініс табады. Ішкі істер органдары қызметінің ақпаратпен қамтылуының міндеті келесі нормативті актілер талабын сақтағанда шешіледі:

1) «Мемлекеттік құпиялар туралы», «Электрондық үкімет және электрондық цифрлық қолтаңба туралы», «Ақпараттандыру туралы», «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы», «Байланыс туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары және тағы басқалары;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 қыркүйектегі № 983 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында ақпараттың және коммуникациялық технологияларды дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарлама.

Көптеген техникалық шешімдер орындалды. Ішкі істер басқармасының орталық ақпараттық анықтаудың жаңадан жабдықталуы жүргізілді. Жаңа бағдарламалық өнімдер жасалды. Бұл уақыттарда ақпараттық технологияның ортақ дамуы жаңа міндеттердің шешімдерін талап етті. Концепцияның мақсаты ішкі істер басқармасы қызметін Қазақстан Республикасы ПМ ақпараттық анықтау жүйесін әрі қарай дамыту негізінде ақпараттық қамтамасыз ету тиімділігін көтерудің негізгі механизмін және бағыттарын жасау болып табылады [4].

Мақсатқа қол жеткізу үшін келесі міндеттерді шешу жолымен жүзеге асады:

ПО бірыңғай ақпараттық кеңістіктігінің техникалық мүмкіндігін қамтамасыз ететін, Қазақстанның ішкі әскерлер жүйесінің телекоммуникация жүйесімен өзара әрекетті, мемлекеттік билік ұйымдарының телекоммуникациялық жүйесімен, құқық қорғау органдарын қоса алғанда, сонымен қатар, ПО қызметкерлерінің қоғамдық және арнайы ақпараттық телекоммуникациялық жүйе қызметіне белгіленген тәртіп бойынша автоматталған рұқсатқа техникалық мүмкіндігінің болуында ішкі істер басқармасы арасында заманауи интегративті әмбебап транспорттық ортаны жасау.

ПО-ның заманауи сәйкестендірілген бағдарлама-техникалық жиынтықтардың ақпараттық және экспертті криминалдық орталықтары негізінде ортақ пайдаланудың мәліметтерін автоматтандырылған жүйеде дамыту.

Жетілдіру — ПО ақпараттық технологиялық қамтамасыз етуін мамандандырылған аймақтық анықталынған автоматтандырулы жүйе жолымен ПО қызметі қорының жаңа және

перспективті ақпараттық құралдық және технологиялық негізінде оперативті қызметке бағытталған дәреже бойынша аяқтау.

Ортақ пайдаланудың автоматтандырылған мәліметтер қоры негізінде жасалған интеграция бағдарламасы, ШТАБ және ПБ бірыңғай ақпараттық кеңістіктегі автоматтандырылған ақпараттық жүйе, шынайы уақыт кезіндегі ПБ қызметкерлерінің ақпараттық ресурстарға ортақ пайдаланулардың және арнайы бекітулерінің санкциялық оперативті рұқсатын орнату.

ПБ ақпараттық телекоммуникациямен қамтамасыз етуде, ақпараттық қауіпсіздікті қажетті дәрежеде қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының ақпараттық қамтамасыз етуінің бірыңғай заманауи ақпаратты-телекоммуникациялық инфрақұрылымды ПО қызметінің тиімділігін арттырудың техникалық мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін, азаматтардың құқығын және еркіндігін қорғау бойынша, заманауи телекоммуникациялық, ақпараттық және биометрикалық технологияны қолдана отырып ПО жаңа және телекоммуникациялық келешекпен және бағдарламалық техникалық жинақпен қамтамасыз ету, тәртіп сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті құру қажет.

### **РЕЗЮМЕ**

Информационные технологии стали неотъемлемой частью любого работающего учреждения. МВД РК обозначило новый период включения IT-технологий в повседневную деятельность сотрудников. Отныне сотрудники МВД при исполнении своих служебных обязанностей должны пользоваться достижениями науки и техники, информационными системами, приборами связи и активно применять современную информационную инфраструктуру и телекоммуникации.

### **RESUME**

Technologies of information are became an inalienable part of every institution. Reforms of Ministry of Internal Affairs of Republic of Kazakhstan mean the new period of inculcation of IT-technologies into activity of employees. From now on, employees of Ministry of Internal Affairs till their activity have to use achievements of science and technology, systems of information, instruments of community, also must use modern infrastructure of informational telecommunication.

---

### **Пайдаланган әдебиеттер тізімі:**

1. «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының № 217 Заңы. 2007 жылғы 11 қаңтар // [www.online.zakon.kz](http://www.online.zakon.kz)
2. Практикум по информационным технологиям в профессиональной деятельности. — М., 2004.
3. Кемпф В.А. Основы информационной безопасности органов внутренних дел: Учеб. пос. — Барнаул, 2014.
4. <http://adilet.zan.kz>